

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 1340. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына:

аталған қаулыға қосымшада:

"Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" деген VII тараудағы реттік нөмірі 111 - ж о л :

"Мемлекеттік қылмыстық- Заң жобасы, 1997 ж. Ішкіісмині,
атқару жүйесі туралы Үкімет қараша Әділетмині"
қ а у л ы с ы

алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысында:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспарынан:
реттік нөмірі 62а жол алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*